

«Жол ережесінің қауіпсіздігі» айлығының жоспарына сәйкес, №19 жалпы орта білім беру мектебінде «Абайлаңыз, балақай!» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Мақсаты: Оқушыларды жолда жүру ережесімен таныстыру, жол ережесінің сақтау дағдыларын дамыту.

Жол заңы дұрыс жүріп, абай болуды талап етеді. Жол тәртібін бұзба, ол қатер тудырады. Жолдың қалыпты қозғалысы көбінесе балалардың жол бойында қалай болса солай жүріп, доп қуалайтыны, велосипед тебетіні, жүріп бара жатқан машинаға жабысатыны, қалтарыстан жолға шығып келетін салдарынан бұзылады. Жол тәртібін бұзғандықтан кейбіреулер машина дөңгелегіне ілініп қаза тауып, кейбіреулері жарақат алады. Ал кейбіреулері өмірлік мүгедек болып қалады. Жол ережесін әрқашан есте сақтау керек! Жол ережесін әрқашан есте сақтау керек.



